

» Сұхбаттан кейінгі ой

**Қаңтар айының соңғы күндерінде еліміздің саяси өмірінде елеулі жаңалықтар болды. Алдымен 28 қаңтар күні «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезі өтті. Ертеңінде Президент «Хабар» телеарнасына сұхбат берді.**



## Жаңа Қазақстанды құруда жастар маңызды рөл атқарады

Қазақстанның келешектегі жоспары айқындалған басқосуда елдегі саяси бағыт-бағдар өзгеретіні белгілі болды. Анығын айтқанда, партияның съезінде саяси кеңес құрамы өзгерді.

Мемлекет басшысы сұхбат барысында «қасіретті қаңтар» оқиғасының Тәуелсіздік алған жылдар ішінде ең ауыр сынақ болғанын атап өтті. Бұл оқиға қоғамның кемелдігі мен мемлекеттің күш-қуатын сынап көруге арналған емтихан іспетті болғаны анық еді. Ендігі жерде мұның барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажет.

Президент елімізді жан-жақты жаңғырту үшін ұсынылған ауқымды мәселені еске салды. Оның пікірінше, «Nur Otan» реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға, Қазақстанды қарқынды түрде қайта құрудың және жаңартудың негізгі қозғаушы күші ретінде еректе етуге тиіс.

– Бұл үшін «Nur Otan» өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде емес, іс жүзінде түбегейлі қайта құру қажет, – деді Президент.

Партия ішіндегі ынтымақты нығайту, қоғамдағы барлық конструктивті күшті біріктіру бірінші міндет. Жаңа Қазақстанды құру үшін ауызбіршіліктің, серіктестіктің, нық ұстаным мен болашаққа деген сенімнің маңызы зор.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық кеңестердің қазіргі жоспарларын түбегейлі жаңартуға, басқа партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен арадағы ынтымақтастықты жолға қоюға шақырды.

Мәжілістегі партияның фракциясын қайта қарау, партия мүшелерінің өңірлердегі өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге атсалысуын күшейту, қоғамдық қабылдаулар қызметін жандандыру, партияның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі стратегиясын жаңа мазмұнда толықтыру, сондай-ақ «Nur Otan» жастар қанатының жұмысын сапалы түрде күшейту қажеттігі Президент назарынан тыс қалмағанын айта кету керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметінде болсын және партия жұмысында болсын ел мүддесіне берік болу қағидатын ұстанатынын жеткізді.

Съезде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы жастарды пайдалы қоғамдық қызметке тартудың, сондай-ақ Қазақстандағы жұмыспен қамту және білім беру саласындағы жобаларға қолжетімділікті кеңейтудің маңыздылығына тоқталды. Студенттер мен жас мамандар үшін елімізде сапалы білім алуға барлық жағдай жасалып отыр. Осы мүмкіндіктерді пайдаланған жастар еліміздің ертеңі мен бүгінгі үшін өз жауапкершіліктерін терең сезінуі тиіс. Өйткені, жаңа Қазақстанды құруда жастар маңызды

рөл атқарады. Мемлекет басшысы атап өткеніндей, еліміздің болашағы білімде, ғылымда, жаңа технологияларда және қазақстандықтардың әл-ауқатының артуында.

Президент «Хабар» телеарнасына берген сұхбатында Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары екендігін айта келе, Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктес ері ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындар барын, сондықтан Ресейде білім алған техникалық мамандардың елімізге қажет екендігін атап өтті.

Бұл Президенттің өзі атап көрсеткендей, Ресейде ғана білім алу қажет дегенді білдірмейді. Батыс елдерінде білім алғысы келгендерге де еш кедергі жоқ. Алайда, Батыстың білім саласын идеалға айналдырудың қажеті жоқтығын меңзеді. Қайткен күнде де жастар өздеріне қолайлы, жайлы ортада білім алғысы келеді. Оларға дұрыс бағыт-бағдар сілттеп, әр кез заманының озық тұстарын екшеп ала білуге үйрету керек.

1 ақпанда ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елімізде білім мен ғылымды дамытудың жаңа тәсілдері қаралды.

– Біздің басты міндетіміз – білім берудің барлық деңгейінде халықтың жаппай сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, – деді Ә.Смайылов.

Премьер-министр педагогтерді әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында әкімдіктер мен Білім министрлігіне кадрлар тапшы өңірлерге ұстаздарды тарту үшін қосымша ақы төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, коммуналдық қызметтерге өтемақы төлеу жөніндегі шараларды қарастыруды тапсырды.

«Ең бастысы – колледждер мен университеттердің түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек. Қазіргі таңда дәл осы еңбек нарығындағы сұраныспен перспективалық болжамы кадрлар даярлаудағы негізгі факторлар болып табылады» деді Үкімет басшысы.

Сонымен қатар жоғары білім беру жүйесін, әсіресе, техникалық жоғары білім беруді қайта қарауды, танымал университеттердің филиалдарын, кампустарын ашу ісінде нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Ендігі жерде жоғары білім саласында гранттар арқылы мемлекеттік тапсырыстарды бөлу кезінде өңірлердің ерекшеліктері мен облыстардағы кадрларға деген қажеттілік ескерілмек.

**Еңлікхан ҚОЗЫБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ Инновациялық білім беру  
технологиялар  
институтының директоры.**